

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

«Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту» тақырыбындағы балаларға қосымша білім беру жүйесі қызметкерлерінің республикалық конференциясын өткізу жөніндегі ақпарат

2014 жылғы 28 қараша

On-line режимде

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарын анықтау мақсатында ағымдағы жылғы 28 қарашада білім беру қызметкерлерімен **«Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту»** тақырыбында Республикалық конференция өткізілді.

Конференция балаларға қосымша білім беру жүйесін сақтау және жаңғырту мәселелері бойынша мемлекеттің, кәсіби бірлестіктердің және қоғамның өзара әрекеттестігі және тиімді диалогы үшін ашық алаң болып табылды.

Конференция жұмысының барысында балаларға қосымша білім берудің заманауи жағдайы және проблемалық мәселелері талқыланды, өзін-өзі іске асыруға, әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыруға, сабақтан тыс уақытта мотивациялық әлеуетін дамытуға бағытталған бала құқығын қамтамасыз етуге болашақ басымдықтар анықталды.

Конференцияның жұмысына білім беру жүйесінің, мемлекеттік емес ұйымдар мен ата-аналар қауымдастығының **үш мыңнан астам** өкілдері қатысты.

Республикалық конференцияның қорытындысы бойынша ұсынымдамалар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне:

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына балаларға

қосымша білім беру ұйымдарының желісін, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, қамтылған балалар санын ұлғайту мақсатында балаларға қосымша білім берудің көрсеткіштері мен индикаторларына қатысты толықтырулар енгізу.

2. 12-жылдық мектептегі бастауыш білімнің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының Базистік оқу жоспарының элективтік курсының оқу жүктемесін санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкестендіру.

3. Қосымша білім беру жүйесінде бюджетті тиімді жоспарлау және ұйымдар желісін жобалау үшін балаларды статистикалық есепке алу жүйесін жетілдіру.

4. Бейіналды дайындық бойынша қосымша білім беру қызметін көрсету мәселелерінде жалпы орта, кәсіби-техникалық, жоғары білім және қосымша білім беру ұйымдарының өзара әрекеттесуіне жағдай жасайтын кіріктірілген тәсілдерді әзірлеу.

5. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің кәсіби құзыретті мамандарын дайындауды қамтамасыз ету. Педагогикалық ЖОО мен колледждерде педагогтерді дайындау бойынша Типтік жоспарларына «Балаларға қосымша білім беру педагогикасы» пәнін енгізу.

6. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын жаңарту.

7. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің заманауи мәселелеріне терең қолданбалы зерттеулер жүргізу. Қосымша білім жүйесінің, білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігінің сапасын бағалау өлшемдері мен өлшеуіштерін әзірлеу.

8. Қазақстан Республикасында Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту стратегиясын әзірлеу.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім беру басқармаларына:

1. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың қаржылай қамтамасыз етілген өңірлік стратегиялық жоспарын әзірлеу.

2. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз ету.

3. Қосымша білім беру қызметімен балалардың қамтылуын ұлғайту.

4. меншік түрлері мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының түрлері мен бағыттарына сәйкес қосымша біліммен қамтылған балалардың жүйелі статистикалық есебін және сапалы мониторингін жүргізу.

5. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын өңірлердегі ұйымдардың қызметтерін сапалы үйлестіруді қамтамасыз ету.

6. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту бойынша өңірлік үйлестіру кеңестерін құру.

7. Балаларға қосымша білім берудің техникалық, туристік, экологиялық және басқа да бағыттарының материалдық-техникалық қорын қамтамасыз етуде балалардың құқықтарын қолдау бойынша өңірлерде қаржылық-экономикалық тетіктер әзірлеу.

8. Мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтерін қатыстыру арқылы мектептерде балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелер ашу үшін жергілікті жерлердегі мектептен тыс ұйымдарды қосымша білім беру жүйесінің ресурстық орталықтары ретінде қолдану.

9. Жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының жүйелік әрекеттестігін іске асырудағы, сонымен қатар қосымша білім беру, мұражай, мәдениет және спорттың басқа да ұйымдары аясында білім беру ұйымдарының мекемеаралық әрекеттестігінің тиімді тәжірибелерін таратуға қолдау көрсету.

10. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің заманауи инфрақұрылымын жасап шығару, әлеуметтік серіктестіктерді дамыту тетіктерін енгізу арқылы материалдық-техникалық базаны нығайту жұмыстарын жалғастыру.

11. Біліктілікті арттыру курстарына білім беру ұйымдарының педагогтерін қатыстыруды ұйымдастыру.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша және жалпы орта білім беру ұйымдарына:

1. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін балалардың сұраныстары мен қызығушылықтарын анықтау бойынша жүйелі мониторингті қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттің даму міндеттеріне, балалардың қызығушылықтары мен отбасылардың сұраныстарына, технологиялық

және әлеуметтік құрылымға сәйкес балаларға қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту.

3. Инновациялық қызметті, ақпараттық технологияларды дамытуға бағытталған балалардың техникалық шығармашылығын, балалар мен жасөспірімдердің туризмі мен өлкетануды дамыту бойынша жаңа бағдарламалар әзірлеу.

4. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы қосымша білім беру бойынша өткізілетін сабақтардың сапасын қамтамасыз ету.

5. Қосымша білім беру бойынша сабақтар өткізу үшін қажетті құралдар мен жабдықтарды жаңарту бойынша шаралар қолдану.

6. Қосымша білім беру қызметімен балалардың қамтылуын ұлғайту.

7. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту бойынша өңірлік үйлестіру кеңесінің қызметіне белсене қатысу.

8. Қолданыстағы қосымша білім беру ұйымдарының материалдық және педагогикалық ресурстарын қолдану, мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтерін қатыстыру арқылы мектептерде қызығушылықтар бойынша үйірмелер ашу, жалпы білім беру мектептері мен мектептен тыс ұйымдардың өзара әрекеттестігін күшейту.

9. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарына басқа салалардан (инновациялық өндіріс, ғылым, өнер, спорт және т.б.) жоғары білікті кадрларды қатыстыру.

10. Біліктілікті арттыру курстарына білім беру ұйымдары педагогтерінің қатысуын қамтамасыз ету.

11. Білім алушылардың, сонымен қатар «қауіп» тобындағы және әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларының жұмыспен қамту жүйесін дамыту.

12. Оқушылардың білімдерін тиімді кеңейту, олардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, балалардың ақпараттық-коммуникациялық мәдениетін қалыптастыру үшін www.ziyatker.org сайтының мүмкіндіктерін қолдану.